

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің 1995 жылғы 26 қазандағы N 210 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің 2005 жылғы 4 мамырдағы N 167-І бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 1 маусымда тіркелді. Тіркеу N 3660. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің м.а. 2012 жылғы 12 қазандағы № 691 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Көлік және коммуникациялар министрінің м.а. 2012.10.12 № 691 (қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Кемелер экипаждары мүшелеріне диплом беру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 14 сәуірдегі N 350 қаулысының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің 1995 жылғы 26 қазандағы N 210 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 567 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін :

1-тармақтың екінші абзацы алынып тасталсын; осы бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының ішкі су жолдарында пайдаланылатын өздігінен жүзетін кемелердегі команда құрамын дипломдау туралы ереже алынып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің Көліктік бақылау комитеті (Қ.С. Мұстафин) осы бұйрықты заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеу үшін ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр